

[illegible]

## ҮЗДІКТЕР

## МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ МАРАПАТ



(Басы. Соңы 2-бетте)

Марапатқа ие болғандар арасындағы ЕМГ қызметкерлері:

- **АЙТБАЕВ Ташкент Боранғалиұлы** – «Ембімұнайгаз» АҚ «Ембімұнайэнерго» басқармасының басшысы, Қазақстан Республикасы Президентінің 20 маусым 2018 ж. №706 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының және оның астанасының дамуы мен қалып-

тасуына қосқан ерекше үлесі үшін «Астана - 20 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

- **ТАСМАҒАМБЕТОВА Рысты Нұрғалиқызы** – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «KAZENERGY» Ассоциациясы төрағасының 29 маусым 2018 ж. №87 өкіміне орай Қазақстан Республикасы мұнай-газ және энергетикалық кешеннің дамуына қосқан



кәсіби үлесі мен еңбегін көтермелеу үшін, сонымен қатар, «KAZENERGY» Ассоциациясымен әріптестік байланыс орнатуда белсенділігі үшін медальмен марапатталды.

- **ШАРАФЕТДИНОВА Гүлбану Әбутәліпқызы** – «Ембімұнайгаз» АҚ мамандарды басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры, «KAZENERGY» Ассоциациясы төрағасының 29 маусым 2018 ж. №87 өкіміне орай Қазақстан Республикасы мұнай-газ және энергетикалық кешеннің дамуына қосқан кәсіби үлесі мен еңбегін көтермелеу үшін, сонымен қатар «KAZENERGY» Ассоциациясымен әріптестік байланыс орнатуда белсенділігі үшін медальмен марапатталды.





# ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ – БІЛІМДІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

13 маусым күні Құрманғазы мәдениет сарайында өткен Арес Petrotecnic Жоғары технологиялық мектеп түлектеріне диплом табыстау салтанатты шарасында **ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ** аталған оқу орнының 5 түлегіне жұмысшы мамандықтар бойынша дуалды оқыту бағдарламасынан өткендігін растайтын еңбек кітапшаларын табыстады. Бұған қоса, ЕМГ-нің шәкірт-ақы бағдарламасы бойынша білім алған 2 түлек Компанияға жұмысқа шақырту алды.

– Студенттерге арналған дуалды оқыту бағдарламасы 2015 жылы Компанияның сол кездегі Бас директоры Құрманғазы Есқазиевтің бастамасымен жүзеге аса бастады. Жыл сайын студенттер бірнеше ай бойы жұмысшы мамандықтар бойынша кен алаңдарында өндірістік тәжірибеден өтеді. Мұнайшылармен бірге сол жерде тұрады. Сондықтан, олардың деңгейі өзге түлектерге қарағанда басым келеді. Себебі, дипломмен қоса, оларға алғашқы еңбек өтілі жазылған еңбек кітапшалары беріледі, – деп атап өтті **Ә.Жақсыбеков**.

Бағдарлама сәтті жүзеге аса бастаған үш жылда ЕМГ-нің өндіріс алаңдарында 69 студент даярлаудан өтті, соның ішінде, 20-сы – Арес Petrotecnic колледжінің шәкірттері. Естеріңіз-

ге сала кетейік, Компанияның өндірістік нысандарында дуалды оқыту бағдарламасына қатыспас бұрын студенттер өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша арнайы курстардан өтеді. Студенттердің тұрғылықты жері, тамақтануы, көлікпен, арнайы киіммен және ай сайын өтемақылық төлемдермен қамтылуын ЕМГ өз жауапкершілігіне алады.

ЕМГ-нің әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан 5 түлектің оқу ақысын төлеуді өз мойнына алған шәкіртақы бағдарламасы 2015 жылы жүзеге аса бастады. Әр курсқа оқу ақысын төлеу үшін қойылған басты шарт – сабақ үлгерімінің жақсы болуы.

## 20 ТҮЛЕККЕ – ЕҢБЕК КІТАПШАСЫ

Атырау мұнай және газ университетінің Студенттер сарайында түлектерге диплом тапсыру салтанатты шарасы өтті. Диплом тапсыру шарасына Компания басшылығы да қатысты. ЕМГ 2015 жылдан бастап Атырау мұнай және газ университеті мен АРЕС Petrotecnic жоғары техникалық мектептің студенттері үшін дуалдық оқыту бағдарламасын іске қосқан болатын. Биыл Атырау мұнай және газ университетінің 20 студенті Компанияға қарасты «Қайнармұнайгаз» және «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармалары базаларында бағдарламаны аяқтады.

## ДУАЛДЫ ОҚЫТУ



– Бүгін университетті тәмамдап отырған жастар үшін үлкен өмірге жолдама алған ерекше күн. Білім мен мұнай өндірісінде алған тәжірибе жаңа өмірде сіздерге үлкен жетістік әкелетініне сенімдімін. Жобаны жүзеге асыру арқылы біз компанияның және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ сұранысына сай келетін білікті жас мамандарды даярлаймыз, – деп **ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Айболат ГАБДУЛЛИН** университет түлектерін айтулы күнмен құттықтады.

Шара кезінде ЕМГ өндірістік басқармалары базаларында дуалдық бағдарламадан өткен 20 түлекке дипломдарымен қоса еңбек кітапшалары табыс етілді. Болашақ жас мамандар өндіріс алаңдарында «Мұнай және газ өндіру операторы» және «Ұңғыларды зерттеу операторы» мамандықтары бойынша университет қабырғасында алған білімдерін тәжірибемен ұштастырды.





## СПАРТАКИАДА

# «ҚМГ» ҰК» АҚ СПАРТАКИАДАСЫ І ТОБЫНЫҢ ІРІКТЕУ ТУРНИРИ: ЕМБІЛІКТЕРДЕ – 4 АЛТЫН, 2 КҮМІС, 6 ҚОЛА ЖҮЛДЕ

2018 жылғы 10-11 шілде күндері Қызылорда қаласында «ҚМГ» ҰК» АҚ спартакиадасы І тобының іріктеу турнирінде үздіктер анықталды. Жарысқа «Ембімұнайгаз» АҚ командасымен қоса, «Қазгер» БК» ЖШС, «Қаражанбас-мұнай» АҚ, «Технологиялық транспорт және ұңғыларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС командалары бақ сынасты.

Екі күнге созылған жарыстар үш спорттық нысанда: Мұз айдынында, «Динамо» спорт кешенінде, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінде өтті. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның намысын қорғауға 45-ке жуық спортшы-қызметкер аттанып, спорттың сегіз түрінен (баскетбол, шағын футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат, армрестлинг, волейбол, суда жүзу қатысты. Барлық ойын тартысты өтті. Ембіліктер бар мүмкіндіктерін салып, ойынның соңғы секундтарына дейін намысты қолдан бермеуге тырысты.

Іріктеу жарысының қорытындысы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері төмендегі нәтижелерге қол жеткізді:

## I ОРЫН:

1. Шағын футболдан – **«Ембімұнайгаз» АҚ командасы;**
2. Әйелдер арасында волейболдан – **«Ембімұнайгаз» АҚ әйелдер**



командасы;

3. Ерлер арасында волейболдан – **«Ембімұнайгаз» АҚ ерлер командасы;**
4. Шахматтан – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстар цехының 1-санатты геологы **Білімпаз ҚАБДОЛОВ;**

## II ОРЫН:

1. Әйелдер арасында үстел теннисінен – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Батыс Қамысты кен алаңының мұнай өндіру операторы **Тамара САБИРОВА;**
2. Әйелдер арасында тоғызқұмалақтан – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ қызмет-



кері **Айнұр МЕНДІБАЙ;**

## III ОРЫН:

1. Баскетболдан – **«Ембімұнайгаз» АҚ ерлер командасы;**
2. Суда жүзу – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жерасты жөндеу операторы **Әли БЕКСЕЙІТОВ;**





3. Әйелдер арасында шахматтан - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ 2-категориялы инженер-химиігі **Ақмарал УСАЛИЕВА**;
4. Ерлер арасында армрестлингтен (85 келі салмақтан жоғары) – «Жылыой-мұнайгаз» МГӨБ слесарь-жөндеушісі **Әнуарбек ДҮЙСЕМӘЛИЕВ**;
5. Ерлер арасында армрестлингтен (85 келі салмаққа дейін) «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жерасты жөндеу операторы **Берік ҚАЛЕШЕВ**;
6. Ерлер арасында тоғызқұмалақтан – «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы қызметкері **Тұрар ЕСТЕКОВ**;

Іріктеу турнирінің ережесіне сәйкес I орын иегерлері биылғы тамыз айының Астана қаласында тамыз айында өтетін «ҚМГ» ҰК» АҚ-ның финалдық ойында-рына жолдама алды.



— Үстел теннисі



— Ақмарал УСАЛИЕВА



— Жеңімпаздарды марапаттау



— ЕМГ волейболшы қыздары



— Жеңімпаздар



— Кубоктар иесін күтуде



— Тамара САБИРОВА





## АУКЦИОН

Компанияның өндіріс алаңдарында жүрген автокөлік өзінің қолданыс мезгілі біткенде ескіретіні белгілі. Алайда, бұл көліктер ауылдық жерлерде жеке шаруашылықтары бар жан-дарға және шағын бизнесті дамытуға жақсы қызмет көрсете алады. Сондықтан, ірі кәсіпорындарда қолданыс мерзімі біткен көліктер мен арнаулы техникаларды саттыққа шығаруды жүзеге асырылып келеді.

Ағымдағы жылдың басында ЕМГ көлік департаменті «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ішкі рәсімдеріне сәйкес активтерді сату жөніндегі тұрақты комиссияның қарауына қолданыс мерзімі біткен 93 автокөлік пен арнаулы техника құралдарын саттыққа шығаруды ұсынды.

Активтерді сату жөніндегі тұрақты комиссияның хаттама шешіміне сәйкес орталық бухгалтерия саттыққа шығарылып жатқан әрі автокөлікке тәуелсіз бағалау жүргізіп, нарықтық бағаларын шығарды.

Бұдан кейін аудит және активтер департаменті бұл мәселені Компанияның Басқарма мүшелерінің қарауына жолдап, автокөліктер мен арнаулы техникаларды ағылшын әдісі бойынша, ал, өткізілмеген лоттар бойынша голландық

## АВТОКӨЛІКТЕР МЕН АРНАУЛЫ ТЕХНИКАЛАР САТТЫҚҚА ШЫҒАРЫЛДЫ



әдіспен саттыққа шығару жөнінде шешім қабылданды.

Компанияның қолданыстағы рәсімдеріне сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында аукционның өту күні, орны мен уақыты көрсетілген ресми хабарлама жарияланды. Аукционға заңды тұлғалармен қоса кез келген жеке тұлғаларға да, сонымен қатар, ЕМГ қызметкерлеріне де қатысуға мүмкіндік берілді.

2018 жылғы 21 маусым күні ағылшындық әдіспен яғни, бағаның өсіміне қарай өткен аукционға қатысуға 60 адамнан жоғары өтініш түсті. Аукционның қорытындысы бойынша 44 миллионнан астам теңгеге 29 бірлік техника сатылды.

Аукционның жалғасы келесі күні – 2018 жылғы 22 маусымда бағаның

төмендеуіне қарай голландық әдіс бойынша ұйымдастырылды. Мұнда 64 автокөлік құралы мен арнайы техникасы саттыққа шығарылып, оған 30-дан астам адамнан сұраныс түсіп, нәтижесінде 8 миллионнан астам теңгеге 18 автокөлік құралы мен арнайы техникасы сатылды.

Аукционды хабарлау, ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын аудит және активтер департаменті жүзеге асырды.

- Екі аукционның қорытындысы бойынша саттыққа шығарылған 93 автокөлік құралы мен арнайы техникасының 47-сі сатылды. Саттықтан түскен қаражат 52 миллионнан астам теңгені (50,2 %-ды) құрады, - деді аудит және активтер департаментінің директоры Сатыбалды АТРАУОВ.



## ЖУРНАЛИСТЕР МЕН МҰНАЙШЫЛАР ФУТБОЛ АЛАҢЫНДА КЕЗДЕСТІ

Атырау облысында тұңғыш рет Солтүстік Каспий жобасының операторы «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» компаниясы мен қазақ мұнайының «қара шаңырағы» саналатын «Ембі-мұнайгаз» АҚ бастамасымен мұнайшылар мен аймақтағы бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында футболдан жолдастық кездесу өтті. Бұл шара үш бірдей айтулы мерекеге – Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына, Солтүстік Каспий жобасының 25 жылдығына және С.Балғымбаев атындағы кен орнының 50 жылдығына орай ұйымдастырылды.

ЕМГ мен НКОК компаниялары қызметкерлерінен біріккен команда мен журналистер арасындағы тартысты кездесу «Судоремонтник» стадионында өтті. «EMG&NCOC» командасы құрамында 14 қызметкер (әр компаниядан 7 адамнан, үшеуі - қосалқы ойыншы) өнер көрсетті. Ал, журналистер командасы сапында 15 ойыншы – жергілікті «Атырау ТВ» телеарнасы, «Атырау-Ақпарат» ЖШС және Атырау облысының өңірлік коммуникация қызметі қызметкерлері болды.



Команда ойыншылары мен жанкүйерлерді мерекелермен **ЕМГ әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директоры С.НАҚПАЕВ** пен **НКОК мемлекеттік органдармен және сыртқы байланыс жөніндегі менеджері Жағпар ЕГІЗБАЕВ** және **ҚР Журналистер одағы Атырау облыстық филиалының төрайымы Алма ҚАЛУСАРИЕВА** құттықтап, командаларға сәттілік тіледі.

– Алдымен, ойыншылар мен қонақтарды Астана қаласының 20 жылдығымен құттықтаймын. Бүгінгі кездесудің мақсаты – мұнайгаз саласы мен бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің арасында бірлік пен достық қарым-қатынасты нығайту. Себебі, екі саланың кез келген қызметкері де еліміздің, соның ішінде Астананың дамып, гүлденуі үшін аябай еңбек етуде, - деп атап өтті Сәлімжан Нақпаев.

Жағпар Егізбаев өз сөзінде бұл кездесу екі сала арасындағы іскерлік байланыс пен серіктестікті дамытуға жол ашатынына сенім білдірді:



- Спорт – күштерді біріктіруші құрал. Бүгін осы күш бәріміздің басымызды қосып отырғанына қуаныштымын. Достық қарым-қатынасты нығайту үшін ұйымдастырылып отырған бұл ойынның мақсаты Солтүстік Каспий жобасының жергілікті қоғамдастықты дамыту бағытындағы мақсатымен ұштасып отыр. НКОК компаниясы атынан барлық қатысушыларды айтулы мерекемен құттықтаймын. Мұндай шаралар алдағы уақытта дәстүрге айналады деп ойлаймын.
- Мереке қарсаңында ЕМГ мен НКОК компаниялары басшылығы бірігіп, ҚР Журналистер одағы Атырау облыстық филиалына командалар арасында футбол жарысын ұйымдастыру жөнінде ұсыныс айтқан болатын. Ұсыныс қос тараптан да

### ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ



қолдау тауып, бүгін екі сала қызметкерлерінен жасақталған командалар жасыл алаңда кездесіп отыр. Қос компания ұжымын биыл аталып өтілетін мерейтойлармен шын жүректен құттықтаймын!, - деді футбол жарысының ашылу салтанатында ҚР Журналистер одағы **Атырау облыстық филиалының төрайымы Алма Қалусариева**.

**Тоқсан минуттан астам** уақытқа созылған ойын **тартыс пен қызыққа толы** өтті. **Кездесуге қос** команданың да «ең бастысы – қатысу» деген қағидамен келмегені анық байқалып тұрды. Өйткені, жеңіске жету мақсатында ойынның соңғы минуттарына дейін аянып қалмады. Нәтижесінде, жолдастық кездесу 4:4 есебімен аяқталды. Мұнайшылар сапынан гол авторлары – атанған Б.Омарғалиев (НКОК), Ә.Бексейітов (ЕМГ), Б.Жүнісов (ЕМГ), Ә.Рахманов (НКОК). Ал, журналистерден Д.Қалжігітов, Т.Баксих және Қ.Жетпісбаев (дубль авторы) мұнайшылар қақпасының саңылауын таба білді. Ойын тең аяқталғанымен, ұйымдастырушылар кубокты Атырау облысының БАҚ қызметкерлері командасына табыс етті.

Сонымен қатар, үздік ойын өрнегін көрсеткен ойыншылар «Үздік қақпасы», «Үздік қорғаушы», «Үздік жартылай қорғаушы» және «Үздік шабуылшы» аталымдары бойынша дипломдармен марапатталды. Матчтан соң командалардың капитандары бір-біріне допты сыйға тартты.





## ГРУЗИЯНЫҢ ТАМАША ТАБИҒАТЫНДА ДЕМАЛЫП ҚАЙТТЫҚ

Жаздың алғашқы айында «Жылыой-мұнайгаз» МГӨБ мұнайшылары үшін керемет демалыс ұйымдастырылды. Аталған мұнай-газ өндіру басқармасының кәсіподақ ұйымының төрағасы Мәлік Орынғалиев жақсы бастама көтеріп, жаздың аптап ыстығында ең далада еңбек етіп жүрген 20 мұнайшыға Грузия мемлекетіне жолдама сатып алып берді. Бұл жолдамалар басқарма бойынша әрбір цехтарға бөлініп, мұнай өндіру саласының байырғы мұнайшыларына және цехтағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрген белсенді жұмысшыларға табыс етілді.



Bestern» төрт жұлдызды қонақүйіне орналастық. Ауа райы қоңыр салқын, жаңбырлы екен. Ашық аспан астында минералды, табиғи суы бар бас-

теңізге саяхат жасап, Цхалтубо қаласындағы ғажайып көрініс «Прометей» жерасты үңгіріне саяхат жасадық.

Кутаиси, Батуми, Грузияның астанасы Тбилиси қаласына сапар шегіп, тарихи жерлерін көріп тамашаладық. Сөйтіп, елімізге көтеріңкі көңіл-күймен оралдық. Мұнайшылар дән риза. Осындай демалуымызға, кәсіподақ тарапынан жағдай туғызған Мәлік Айыпқалиұлына алғысымыз шексіз. Басқармаға қарасты мұнайшылардың бәрі - кәсіподаққа мүше. Алдағы уақытта да осындай жақсы бастамалар жалғасын тауып, басқа да әріптестеріміз біз сияқты демалуға мүмкіндік алса екен деген ниеттеміз.



Грузияның Кутаиси қаласына жақын жердегі таулы аймақта «Sairme» емдеу орталығының «Best

сейн жұмыс жасайды. Ішетін суының өзі емге - дәру, жанға - шипа. Қара теңізге барып шомылып, кеменен

**Гүлбағыт ИСПАНҒАЛИЕВА,**  
Терең-өзек мұнай өндіру цехының  
қабат қысымын қолдау операторы,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

### МЕНШІК ИЕСІ: «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ



Шығарушы:  
қоғаммен байланыс қызметі

<https://www.facebook.com/100016808373445>

[https://www.instagram.com/ao\\_embamunaigas](https://www.instagram.com/ao_embamunaigas)

<https://t.me/embamunaigas>

[www.emba.kz](http://www.emba.kz)

### РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ** – «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат**

**ГАБДУЛЛИН** – Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат**

**ӘДІЛБЕКОВ** – Басқарма төрағасының

геология және кен орындарын игеру

жөніндегі орынбасары; **Бауыржан**

**БАЛЖАНОВ** – Басқарма төрағасының

бизнесі дамыту жөніндегі орынбасары;

**Сәлімжан НАҚПАЕВ** – әлеуметтік саясат

жөніндегі Басқарушы директор; **Гүлбану**

**ШАРАФЕТДИНОВА** – қызметкерлерді

басқару және еңбекке ақы төлеу

департаментінің директоры; **Лаура**

**СҮЛЕЙМЕНОВА** – қоғаммен байланыс

қызметінің жетекшісі

### ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

**Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов**  
көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі,  
105 кабинет

**СҮЛЕЙМЕНОВА Лаура**  
8 (7122) 99-34-77  
[L.Suleimenova@emg.kmgep.kz](mailto:L.Suleimenova@emg.kmgep.kz)

**ҚАРАЖАНОВА Ғалия**  
8 (7122) 99-34-21,  
[G.Karajanova@emg.kmgep.kz](mailto:G.Karajanova@emg.kmgep.kz)

**ЕРТЛЕУОВА Айгүл**  
8 (7122) 99-32-09,  
[A.Ertleuova@emg.kmgep.kz](mailto:A.Ertleuova@emg.kmgep.kz)

**ТУЛЕГЕНОВ Қарасай**  
8 (7122) 99-34-80  
[K.Tulegenov@emg.kmgep.kz](mailto:K.Tulegenov@emg.kmgep.kz)